



ӘОЖ 371.307 8:633

Күнпейіс Ж.Қ.**МЕКТЕПТЕРДЕ
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ
БІЛІМ НЕГІЗДЕРІН
ОҚЫТУҒА ҮЙРЕТУ**

*В статье рассмотрены проблемы
общеобразования РК на основе
сельскохозяйственного труда через
предмет «Технология» в старших
классах сельской общеобразовательной
средней школы.*

*The problems of education of RK on the
basis of agricultural work through the
subject of "Lab our work" in elder forms
of country school of secondary school are
considered in the article.*

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық жолдауында болашақты жасайтын азаматтарды ғасырлар тоғысына лайықты тәрбиелеу қажеттігіне тоқтала келіп, Үкіметіміздің 2010 жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөледі атап көрсеткен [1].

Осы талаптар аясында соңғы кездерде елімізде кәсіптік-техникалық мамандыққа баса көңіл аудару қажеттігіне байланысты жоғары оқу орындары мен кәсіптік білім беретін орта оқу орындарында даярланатын «Кәсіптік оқыту» мамандығының ұстаздар қауымы мен жалпы білім беретін орта мектептерде өтілетін «Технология» пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін көтеруге мән беріледі.

Бұндай талаптарды орындауда, ең бірінші кезекте, жоғары оқу орындары студенттерінің теориялық білімдерін практикалық жағынан толыққанды кәсіби маман ретінде бүгінгі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланыстыра оқытуды өз деңгейінде шешкеніміз дұрыс [2].

Бүгінгі таңда республика өңіріндегі жалпы білім беретін орта мектептердің, оның ішінде ауыл мектептерінің жоғары сынып оқу бағдарламасындағы «Ауылшаруашылығы еңбегінің техникасы мен технологиясы» атты бөлімінде оқу материалдары мольнан енгізілген.

Атап айтқанда, мектептің жоғары сынып оқушыларына мектеп үлескілерінде ұйымдастырылған қол жұмыстары мен бірге әртүрлі егін шаруашылық жұмыстарындағы топырақ өңдей-тін техникаларды, астық жинайтын комбайндар мен тракторлардың түрлері мен құрылысы, атқаратын қызметтері туралы ауылшаруашылық білім негіздерін меңгертуде теория мен практикалық түсініктер кеңінен беріледі.

(Сурет-1)

Сызба суреттегі ауылшаруашылық, өндірістік сала жұмыстарына баулып-үйрету кезінде берілетін түсініктер әрине, мектептің орналасқан аумақтық мүмкіндіктері ескеріліп, ұжымшарлардағы түрлі шаруа қожалықтарының бірлескен жұмыстары нәтижесінде іске асырылуы мүмкін. Осындай іс-әрекеттердің арқасында мектеп бітіруші түлектердің ауылшаруашылық техникаларына деген құштарлықтары арта түсуі мүмкін.



СУРЕТ 1. ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА БЕРІЛЕТІН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІ

Осы орайда, мектеп оқушыларына кәсіптік білім беруде технология пәнінің оқу материалдарының негізгі талаптарын орындауда, еліміздің қай өңірінде болса да, мүмкіндік мол. Дегенмен, ауылшаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруға ең қолайлы өңір деп Оңтүстік Қазақстан облысын атауға болады.

Облыста бүгінгі таңда 900-дей елді мекен бар, бұл өңірдегі қала, аудан көлемінде 1013 мектеп орналасқан, ол мектептердің көбісі ауылдық мектептер. Оңтүстік Қазақстан өңірі ауылшаруашылық өнімдерін өсіру, өңдеу жөнінде республикамыздың аса ірі экономикалық аймағының бірі болып табылады. ОҚО ауылшаруашылық өнімдерін өсірумен қатар, негізгі шаруашылығының бірі мақта шаруашылығы шоғырланған аймақ болып саналады.

Сондықтан мақта шаруашылығы - облыстың ең басты табыс көзі. Мақта шаруашылығының Ұлы Отан соғысына дейін құрылған байырғы орталықтары Түркістан, Мақтаарал өңірі болса, бүгіндері Жетісай, Ордабасы (Бөген), Сайрам, Келес, Сарыағаш аудандарында да ірі мақта зауыттары іске қосылған. Алғашқыда мақта зауыттарының негізгі шикізаттары Ресей өңіріндегі мақта-мата комбинаттарына жіберіліп отырса, бүгінгі күндері, нарықтық экономика талаптарына байланысты, шикізат өнімдерін өздері өндеп, дайын өнім ретінде халыққа ұсынуда. Мақта шаруашылығымен айналысатын жалғыз облыс болғандықтан, Республикадағы мақта кластері де осы облыс көлемінде дамып, бүгінгі күні Батыс Еуропа елдерінің озық технологияларымен жабдықталып, өнімдерін шығаруда.

Сондықтан, мақта шаруашылық өнімдерінің үлестері туралы мынандай мәліметтерді атап кетуге болады. Қоза талшығы - өсімдіктер тобына жатады. Талшықты өсімдіктердің арасынан қозаның алатын орны ерекше. Ол жіп иірілетін бүкіл шикізаттың 50-75%-ын береді. Шитті мақта осы өсімдіктің беретін негізгі шикізаты болып табылады. Шитті мақтаны мақта тазартатын зауыттарда шиттен ажыратып алады, оны мақта талшығы немесе мақта ұлпасы деп атайды. Шитті мақтада 30-40 %



талшық және 60-70 % шит болады, ал, шитте 22-29 % мақта майы мен шит бүршігі алынады. Шитті мақтадан және қозадан мынандай заттар жасап шығарылады:

Мақта-мата кездемелері, жіптер, жасанды жібек және тері, корд, былғары, фетр, парашют жасалатын кездемелер, тазартылған май, сабын, лак, күнжара, балық аулайтын торлар мен арқандар, тұрмыстық тұтыну қағаздары, қатырма қағаздар, тыңайтқыштар мен өсімдік қорғау дәрі-дәрмектері, спирт, тағамдық белок, химиялық заттар мен құрылысқа қажетті гипс алынса, 1 кг мақта талшығынан 5 кг ақжайма, 10-12 м. шыт немесе бәтес, тігін машина жібінің 40-тан астам түрі, 250-500 м аралықта тігін жіп орамасын алуға болады. 1 кг шиттен 170 гр май, 400 гр күнжара, 30 гр линт алуға болады. Ал линттен пластмасса, кино-, фото- пленкалар, линолеум, лак т.б. өнімдер алынады. Шроттан таза азық-түліктік белоктар алынады. Мақта майында глицерин майы мол болады. Оларды сабын қайнатуға, олифа, лак, эмаль сияқты заттар алуға қолданады. Қоза жапырақтары мен қауашағында 8-9% лимон және алма қышқылы бар. Қозапаядан (бұтақтарынан) ыстық тәсілмен сығымдау арқылы алынған құрылыстық тақта материалдары құрылысқа, жиһаз бұйымдарын жасауға кеңінен пайдаланылады [3].

Ал мақта шаруашылығының салаларын сөз ететін болсақ, суармалы аймақтың жұмыстарының тиімді қолданылуы үшін экономикалық факторлардан өзге де ерекшеліктері, мақта өсіретін әртүрлі аймақтың табиғи климат жағдайлары, әсіресе қоза сортының ерекшеліктері мұқият ескерілген. Қозаның, мақтаның ауыспалы егіс жүйесіндегі өнімдерінің бітік шығуын жердің мелиорациялық жағдайын жақсарту, мақта өніміндегі тұқым шаруашылығы т.б. ауылшаруашылығы жұмыстарын жүргізу мерзімін қысқартудың есебінен едәуір арттыра алады. Қозаны дұрыс және дер кезінде күтіп, баптау оның ойдағыдай жақсы өсіп жетілуі мен дамуының мол және сапалы өнім беруінің кепілі десек, оның басты шарты әрбір ұжымшарда машиналарды тиімді қолданылуында деп білеміз. Демек, ауылшаруашылық жұмыстарында қолданылатын техника түрлерін басқару, оларға қызмет көрсету жұмыстары мектеп қабырғасынан түлеп шыққан әрбір азаматтың ауылға деген бет бұрысы мен техникаға деген қызығушылықтарына да қатысты болмақ. Кеңестік дәуірде ауылшаруашылық жұмыстарындағы техникаларды басқару ауылдық кәсіптік-техникалық училищелердің үлесінде болып, көптеген жұмысшы мамандарды даярлап келді. Олардың арасынан көптеген еңбек ардагерлері мен еңбек ерлері шығып, ауылшаруашылық жұмыстарының өсіп, өркендеуіне өз үлестерін қоса білді.

Бүгінгі ауылшаруашылығына баратындар мектеп қабырғасында білім алып шыққан жастар. Олардың жақсы маман болып шығуы мектеп ұстаздары мен жоғары оқу орындарындағы «Кәсіптік оқыту» саласында білім беріп жүрген мамандардың біліктілігіне қойылатын талаптарға байланысты.

Мұндай талаптың орындалуы үшін мына і мәселелерге көңіл бөлінуі тиіс: мектептің оқу-тәрбие жұмыстарының пәрменділігін түрлі педагогикалық-инновациялық технологиялардың түрлерімен таныстыра отырып оқыту; болашақ маман ретінде өзінің кәсіптік-техникалық білімі мен тәжірибесін шығармашылықпен ұштастыра білу; оқу орындарында алған теориялық-практикалық білімдерін іс-тәжірибеде қолдана білуге бағыттау.

Осы аталған мәселелер толық орындалған жағдайда ғана қоғамның кәсіби мамандарын өз деңгейінде даярлауға мүмкіндіктер туады деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы. - Алматы: Білім, 1998.
2. Байқадамов С. Кәсіби білім берудің тиімділігін арттыру мәселелері. // Алматы гуманитарлы-техникалық университетінде өткізілген халықаралық – ғылыми конференция материалы. - Алматы, 2006.
3. Үмбетаев И., Батқаев Ж. Қазақстан Республикасының оңтүстігінде қоза баптау жүйесі. – Алматы, 2000.